


"Аяла" санаторлық бебекжайы "КММ-сі"



**Баланы таяқсызда  
тәрбиелеуге болады.**



**Тәрбиеші: Кульбаева Р**

**2025жыл**



**ALLDAY.RU**

## **Баланы таяқсызда тәрбиелеуге болады.**

Бала – ата-ананың қолындағы аманат. Олардың жүректері пәк, таза, гауһардай құнды. Бала жас шыбықтай иілгіш келеді. Кез-келген пішінге салуға болады. Құнарлы топыраққа ұқсайды. Құнарлы топыраққа не ексең, соның жемісін аласың. Сондықтан бала неге бейімделетін болса, сол бойынша бағыт алады, сол бойынша өседі. Ұяда не көрсе, үшқанды соны іледі.

Баладан жақсы қасиеттер, жақсы әрекеттер көрген кезде, оны мақтау керек, марапаттау керек. Кейде адамдардың арасында мақтау керек. «Менің ұлым сөйтті» деген секілді сөздермен жақсылыққа ынталандыру керек. Өрескел іс-әрекеттер істесе немесе бір жаман сөз сейлесе, бірнеше рет көрмегендей сыңай таныту керек. «Олай істеме!» демеу керек, жазғырмау керек. Жиі жиі жазғырылатын бала батылданып жасырын істеп жүргендерін де ашықша істей бастайды. Истеген жаман істерінің зиянын өзіне жұмсақ тілмен түсіндіру, ескерту керек.

### **Тәрбиеде ұруға болмайды**

1- Баланы ұру мінез-хұлқының бұзылуына, ашуланшақ болуына себеп болады.

2- Таяқ жеп өскен бала жұмсақ мінезді болмайды.

3- Таяқ жеу балада әке-шешесіне қарсы ашу-ызага жол ашады. Бала өзінің істегенін жаман нәрсе деп ойламайды, өзін кінәлі деп сезінбейді, керісінше өзін ұрған адамды кінәлі деп көреді.

4- Таяқ жеп өскен бала ашуланған кезінде ол да күш қолдануға кірісетін болады, басқаларды ұрады. Осылайша таяқ жеуі қызбалыққа себеп болады.

Баланы тәрбиелеу үшін ұру дұрыс емес. Тек қателік істейтін болса, жазалануы мүмкін екендігін сезіндіру керек.

Тәрбиеде «былай істе, мұны істеме» деудің орнына жүріс-тұрысымызben балаға үлгі болуымыз керек. Өйткені әл-әрекеттеріміз сөзге қарағанда көбірек әсер етеді.

Әкесі темекі шегетін, құмар ойнайтын болса, баласына «бұларды істеме!» деп айтуы оншалықты әсерлі болмайды. Өйткені бала «бұлар жаман болса, әкем жасамайтын еді» дейді. Жақсы нәрселер жасалынса балаға үлгі болады. Балаға жақсылық жасаудың пайдасын түсіндіру керек. Осылайша бала өзімшіл (эгоист) болудан құтылады. Өзімшіл болып өскен балалар қоғамға үйлесуі қынға соғады.

### **Бала тәрбиесіне қатысты кейбір кеңестер**

— Балаға дерпт, қындықтарымызды айтпау керек, қуанышымызды айтуға болады.

- Балаға отбасы ішіндегі біреу ұрысып жатса, басқасы оны жақтамау керек.
- Оның қасында үнемі құлімдеген, жылы жүзді болуға тырысу керек. Көңіліміз жабырқаңқы болуы, балаға тез әсер етеді.
- Оны өзге адамдардың алдында ұрыспау, жазғырмау керек.
- Кемшіліктерін мойындауды үйрету керек. Кемшіліктерін біліп жөндеуге тырысуы өмірде жетістікке жетуіне себеп болады.
- Баланы өтірікшілікпен кінәламау керек.
- Бауырларының арасында бөлмеу керек.
- Тәкаппарлықтың жаман қасиет екендігін түсіндіріп, тәкаппар болуының алдын алу керек.
- Баланың қателіктері болады. Дереу жазаландырмау керек. Қателігін, зиянын айтып түсіндіру керек.